

Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 16 қазандағы N 79 "Шалқар ауданы аймағындағы ауылдық жерлерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек мөлшерін белгілеу туралы" шешіміне ішінара өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009 жылғы 30 қаңтардағы N 104 шешімі. Ақтөбе облысының Шалқар аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 16 ақпанда N 3-13-98 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 20 сәуірдегі № 203 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2010.04.20 № 203 шешімімен.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 6 бабына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Аудандық мәслихаттың Шалқар аудандық әділет басқармасында 2008 жылғы 30 қазанда N 3-13-87 санымен тіркелген, 2008 жылғы 26 қарашадағы "Шалқар" газетінің N 47 (8037) санымен жарияланған 2008 жылғы 16 қазан дағы "Шалқар ауданы аймағындағы ауылдық жерлерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек мөлшерін белгілеу туралы" N 79 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

1) Бірінші тармағының төртінші азат жолындағы - "5,0" деген сан, "8,0" деген санмен ауыстырылсын

2. Осы шешім Шалқар аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және 2009 жылғы 01 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т
с е с с и я с ы н ы ң т ө р а ғ а с ы ,

аудандық мәслихат хатшысы: С.Тулемисов